**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Қазан 2024жыл 5 апта

№ 1 «Күншуақ» кіші тобы

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 28.10.2024 | Сейсенбі 29.11.2024 | Сәрсенбі 30.10.2024 | Бейсенбі 31.10.2024 | Жұма 01.11.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалар үшін жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру,белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау.Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге бақылау. **(Балармен жеке жұмыс).** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасатуі **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Орманда» тақырыбында жеке әңгімелерді айтып беру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Музыка** Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. | **Дене шынықтыру** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. | **Дене шынықтыру** заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; | **Дене шынықтыру** Біркалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. |
| | Орман туралы мультфилім көрсету. Танитын заттарын атату. Орман дыбыстарын қайталау. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Құрастыру ойыншықтарымен ойындар. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. **(Құрастыру)** | Орман, ағаштар, құстар, жануарлардың атауларын атату. Сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру. «Бауырсақ» ертегісін оқу. Орманда жүрген суретін көрсету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Домалақ пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету **(сенсорика)** | Орманды мекендейтін жануарлардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен айтуын байыту. Жануарлардың дыбыстарын салу, қайталауды дамыту. Кітаптардан суреттерін қарату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебеит)**<br><br>Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Орман бейнесін жасату. **(жапсыру)** | Балалардың жақсы көретін мультфилімін бірге тамашалау. Кейіпкерлердің сөздерін, қимылдарын қайталату. **(көркем әдебиет)**<br><br>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(сенсорика)** | Балаларға қоржыннан әр түрлі заттарды алуды ұсыну. Осы заттар көп болса қалай айтамыз деп айтып үйрету. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Күн тәртібіне сәйкес тазаауада болуын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. | | | | |
| **Серуен** | Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Ләпбуктерге орман бейнесін жапсырту. **(Жапсыру)** | Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.<br>Тастардан мұнара құрастыруды үйрету. **(Құрастыру)**<br>Жапырақтарды және олармен әрекеттерді атау, оларды балабақша ауласында тануды пысықтау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | Қалта айнасына қарату. Өз есімдерін атату. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету | Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Жел тұрып тұр, жаңбыр жауып тұр сөздерін айтқызу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Бұтақтардан қора құрастыруды үйрету. **(Құрастыру)** | Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Балалардың дербес құрастыру әрекетін дамыту. **(Құрастыру)**<br>Қимылды ойын: «Торғайлар»<br>Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану,<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Жағымды музыкамен сүйемелденетін ертегілер тыңдату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек),киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегіменретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптарды қарап, суреттерде таныған бейнесін атату. **(көркем әдебиет)**<br>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Ағаштың діңін жасауды үйрету.<br>Алақан арасында есуді | сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.<br>Бауырсақ мүсінін жасату.<br>**(мүсіндеу)**<br>Жапсыруға қызығушылықты ояту.<br>Фланелеграфқа бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін жапсырту. | Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.<br>**(мүсіндеу)**<br>Өлшеміне қарай | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. **(сенсорика)**<br>Көңіл күйді көтеру үшін түрлі түсті | Сурет салуда қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде қаламды жеңіл жүргізумен салуды үйрету.<br>Шарларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**(мүсіндеу)** | **(Жапсыру)**<br>Қаламмен бауырсақ салуды үйрету.<br>**(Сурет салу)** | біркелкі ойыншықтарды топтастыруды үйрету **(сенсорика)**<br><br>Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айтқызу. **(музыка)** | шарлар жасату. сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. **(мүсіндеу)**<br>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстады үйрету. Шарлардың суретін салдырту.<br><br>**(Сурет салу)** | салдырту.<br>**(Сурет салу)**<br><br>Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**(Мүсіндеу)**<br><br>Қағаз қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ............. құрылыс материалдарынанжәне ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету. | .................... дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту. | ...........................дауысты жәнедауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа)еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету. | ............... қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату. | ........................ аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету. |
| **Кешкі ас** | Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Түсіне қарай ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды дамыту **(сенсорика)** | Көңілді муызка қою. «Бауырсақ» әнін айтқызу. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір | Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін | Доппен ойындар.<br><br>Фланелеграфқа топтағы доптармен түстес шарларды | Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады»<br>Әр түрлі түсті және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды үйлестіру арқылы бере білуді үйрету.<br>**(сурет салу)** | уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуді үйретуді жалғастыру<br>**(музыка)** | ұқыптылықпен жинауын пысықтау.<br>**(Құрастыру)**<br>дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды жетілдіру. Құмда сурет салдырту.<br>**(сурет салу)** | жапсырту.<br>**(жапсыру)** | пішінді ойыншықтармен ойындар ойнату. Алу салу, ашу жабуға арналған ойын құралдарын пайдалануды дамыту.<br>**(сенсорика)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру.<br>Балалардың күн соңындағы көңіл күйін талқылау | | | | |

**«Тексерілді»**
**«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының**
**әдіскері: ________**
**У.Г.Нурмухамметова**
25.10.2024ж.